

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 62 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 17 маусымда № 23057 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 52 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 16.06.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс (аукцион) және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары;";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс (аукцион) және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асыру мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары";

3-тaraу мынадай мазмұндағы 17-параграфпен толықтырылсын:

"17-параграф. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру ерекшеліктері, оның ішінде жекеше әріптесті айқындау және МЖӘ шартын жасасу тәртібі.

164-30. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жекелеген жобалар үшін жеке түрде де (оның ішінде бірнеше жобаларды қамтамасыз ету үшін), сондай-ақ индустримальық аймақтар құру шеңберінде де жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған, кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету арқылы іске асырылады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құруды (реконструкциялауды) және (немесе) пайдалануды жекеше әріптес МЖӘ шартына сәйкес жүзеге асырады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасы (жобалары) аумағының шекарасына дейін жүзеге асырылады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру мынадай ерекшеліктерге жауап беретін жағдайларда жүзеге асырылады:

1) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес әзірленетін Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының негізгі бағыттары шеңберінде кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасын (жобаларын) іске асыру;

2) кәсіпкерлік субъектісі (субъектілері) жобасының (жобаларының) елді мекенді дамытудың бас жоспарына сәйкес келуі;

3) кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасы (жобалары) бойынша техникалық-экономикалық негізdemенің және/немесе жобалау-сметалық құжаттаманың болуы және/немесе кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің)

жобасы (жобалары) құнының кемінде 20% көлемінде құрылым-монтаждау жұмыстарын орындау;

4) кәсіпкерлік субъектісі (субъектілері) жобасының (жобаларының) шенберінде жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру;

5) кәсіпкерлік субъектісінің (субъектілерінің) жобасында (жобаларында) 4 000 000 айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтын көлемде инвестициялардың болуы;

6) айлық есептік көрсеткіштің 700 000 еселенген мөлшерінен аспайтын көлемде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (коммуникацияның барлық түрлері үшін) құру (реконструкциялау).

164-31. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобалары бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу осы Қағидалардың 129-тармағы 2-тармақшасының ережелерін қоспағанда, осы Қағидалардың 129-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

164-32. Әлеуетті жекеше әріптестің өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобасына бастамашылық жасауы осы Қағидалардың 130-тармағының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, осы Қағидалардың 3-тарауының 11-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

164-33. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобасының бизнес-жоспар сараптамасы осы Қағидалардың 3-тарауының 13-параграфына сәйкес жүргізіледі.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобасы табиғи монополиялар салаларына тиесілі болған жағдайда, тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобасының құжаттамасын Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар салаларындағы заңнама талаптарына сәйкес табиғи монополиялар салаларындағы реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен келісуді қамтамасыз етеді.

164-34. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ шартының әлеуетті тараптары арасында МЖӘ шартының талаптары туралы келіссөздер жүргізу осы Қағидалардың 3-тарауының 14-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

164-35. Тікелей келіссөздер барысында өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ шартын жасасу осы Қағидалардың 3-тарауының 15-параграфына сәйкес және Заңның 46-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

164-36. Жекеше әріптестің өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды құруға бағытталған инвестициялық шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобалары бойынша шығындарды өтеуді жоспарлау кезінде кәсіпкерлік субъектісі (субъектілері) жобасын (жобаларын) іске асыру басталғанға дейін, сондай-ақ егер кәсіпкерлік субъектісі (субъектілері) жобасы (жобалары) бюджетке оң ақша ағындарын және салық түсімдерін генерациялауды көзdemейтін болса инвестициялық шығындарды өтеу көзделмейді".

2. Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

A. Иргалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі